

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Зейнетақы активтерінің құрамындағы таза инвестициялық кіріс ұлғаюда

2022 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтары шамамен **13,4 трлн теңгені** құрады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істей бастағаннан, яғни 1998 жылдан бергі инвестициялық табыс сомасы **7,2 трлн теңгеден** асты. Бұл ретте 2014 жылдан бастап, БЖЗҚ-да барлық зейнетақы активтерін біріктіруді аяқтау кезеңінде алынған инвестициялық кіріс шамамен **6,4 трлн теңгеге** жетті.

2022 жылы геосаяси жағдайдың нашарлауы аясында қаржы нарықтарында да жалпы тұрақсыздық сипат алды. Осы кезең басталғаннан бері зейнетақы активтерінің кірістілік көрсеткіштерінің инфляцияның өсуі және қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалауға байланысты оң да, теріс те құбылмалылығы байқалуда.

Дегенмен, құралдар, салалар және валюталар бойынша портфельді әртараптандыру есебінен биылғы жылдың маусымында, өткен айлардағы көрсеткіштердің уақытша төмендеуін жапқан оң инвестициялық табыс орын алды. Жарты жылдың қорытындысы бойынша салымшылар мен алушылардың шоттарына 338 млрд теңгеден астам инвестициялық табыс түсті. Зейнетақы активтері бойынша ҚР Ұлттық Банкімен қамтамасыз етілген соңғы 12 айдағы (2021 жылдың шілдесінен 2022 жылдың маусымына дейін) жылдық табыстылық 7,33% құрады.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы жинақтары - бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыстың мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезең үшін талдау орынды. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) – көрсетілім болып табылмайды, себебі, ол нарықтың құбылмалы өзгерістеріне байланысты.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған күннен бастап (1998 жыл) инвестициялық табыстылық 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін өсу қорытындысымен **700,42%** құраса, бүкіл кезеңдегі инфляция 614,68% болды. Осылайша, 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесі қолданысқа енгізілген кезеңде зейнетақы активтерінің нақты (яғни, инфляциядан асатын) табыстылығы **85,74%** көрсетті.

Атап кететін жәйт, қаржы нарықтарының тұрақсыздығы ұзақ мерзімді және нақты табыстылық төлемдерге құқық алған кездегі инфляциядан төмен болса да, мемлекет алушыларға БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) инфляция деңгейін ескере отырып, іс жүзінде енгізілген қаражат мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Инвестициялық басқарудың және зейнетақы активтерін есепке алудың барлық жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетте немесе мобильді қосымшада көру мүмкіндігіне ие.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы (www.enpf.kz) "Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет" бөлімінде жарияланады.

Тақырып бойынша бейнематериал - сілтеме бойынша.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін,

зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).